

ТАУМАН

ТӨРЕХАНОВ

К
ТАСЫР

І
Р
Е
М
І





*ТАУМАН
ТӨРЕХАНО*

ҒАСЫР

ҚАСІРЕТІ

Жем-Темір, Мұғалжар,
Ұлы және Кіші Борсық құмдары
жылнамалары

Қайғы-қасіретті, күлкілі оқиғалар
екі кітаптан тұратын деректі
роман

Бұл — ХХ ғасыр халық

ББК 84(5 Қаз)
Т 65

Төреханов Т.
Т 65 Ғасыр қасіреті: — Алматы, 2000.— 624 бет.

ISBN № 9965-01-615-1

Қалың жұртшылыққа бірнеше көлемді-көлемді кітаптарымен, көркем очерк-әңгімелерімен танымал республиканың белгілі журналистерінің бірі – Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері Тауман Алыбайұлы Төреханов екі кітаптан тұратын бұл деректі романды өлемдік географиялық, ғылыми құжаттарда, Жем-Темір, Мұғалжар, Ақтөбе, Орал, Атырау, “Ұлы құм”, “Кіші құм” атанған Борсық құмдарының соңғы екі-үш ғасырдағы тарихи оқиғаларын ішінара қамти отырып, жиырмамыншы ғасырдың ішінде болған басты-басты өзгерістерді, ұрпақтардың басына түскен ғасыр қасіретін, қилы-қилы тағдыр тәлкектерін, осы ғасырдың тірі күәсі ретінде, көз алдына алып келеді.

Оқыған сайын бірде жүрегің лүпілдеп, бірде енді не болар екен, о? деп асығып, бірде жиіркеніп, бірде таңдайыңды қағып отыратын бұл көркем шығарма нақтылы болған өмір деректеріне құрылған. Мұны маңдайы қасқа келетін шындықты баяндайтын ғасыр шежіресі десе де болады.

Роман қалың оқырманға арналған.

ББК 84(5 Қаз)

Т $\frac{4702750201}{00(05)-00}$

ISBN 9965-01-615-1

© Төреханов Т., 2000.



Автор ғұмыр кешкен жиырмасыншы ғасыр ұрпақтарға жан түршігерлік қайғы мен қасірет әкелді.

Жиырма бірінші ғасырда өмір сүруге нәсіп болған ұрпақтарға біздің мұз жастанып, от кешіп, қайғы жұтқан заман қайталанбағай деген ізгі тілекпен осы еңбегімді өздеріңе арнаймын.

*Автор.
12.01.2000 ж.*

ҚАСІРЕТ

БІРІНШІ КІТАП

1. Дауылда қалған жалғыз үй

*Қалғыздық бір Құдайға ғана
қарасыпты.*

Халық даналығы.

1

Биыл Нұржан үйі Дауыл бөгетін қыстап қалды. Мұнда ол жалғыз үй. Ел жылдағы әдетінше егісін салып, өнімін жинап алған соң, үдіре көшіп, күм өңіріне кетеді. Осы күзде де сөйтті. Ал Нұржанға осы Дауылдағы астық қоймасын сақтау, күзету міндеті жүктелді. Нұржан өткен жазда ғана үйленген. Келіншегі — Алтын, әжесі Асыл үшеуі осынау бір елден жырақ. Мүзбел бойын бірінші рет қыстап отыр. Тіпті бірінші шаңғырақ көтеріп, түгін түтетіп еді. Ел көшіп кеткен соң, ілкі кезде олар елегізіп, үйренісе алмай біраз жүрді. Себебі, бұрынғы қара-құра да жоқ, тау іші салқын түсе қора-қора болып жүретін дала еркесі ақ бөкендер де көрінбейді. Тау өңірі жазғы жасыл көрпесін жинап тастап, қуқыл тартқан. Күздің қорғасындай ауыр сұр бұлты қысты бұйдасынан ұстап, Мүзбел бойына алып келе жатыр. Таудың ерсілі-қарсылы соққан қара желі көк біткенді бұрінен айырып, сидитып тастапты. Жаздай ел отырған Дауыл бөгетінің бойында мал еңкейетін ештеңе жоқ. Нұржанның жалғыз түйесі сонау Ақшат пен Қарашатау қойнауына дейін еңкейместен тартып кетеді. Үй-іші болып қойманың айналасын жөндеп, аз астықты тазалау, аударыс-

тырумен жүргенде, кейде жалғыз інген далада түнеп те қалады. Ал Асыл мен Нұржан қыс қамында жүреді, Алтын болса соңғы кездері ауырып жатып қалуды шығарды. Кейде құсады, кейде түзеледі. Бірақ аңсары ауған асы табылмайды. Ащы етті жегісі келеді. Ол жоқ. Бірде ерте тұрып қазандыққа тобылғы салып, тезек қалап, шай әзірлеген Алтын дастархан басында енесіне түнде көрген түсін айтты:

— Бет қаратпастай қара дауыл соғып, үйдің тіреуін құлатып жіберді. Екеулеп тіреуін ұстап, үрлікке қанша тірейік десек те шамамыз келмейді. Нұржан деп айқайлаймын, бірақ ол менің дауысымды естір жерде жоқ-ау деймін, дыбыс бермейді. Сөйтіп тұрғанда есіктен бір қасқыр көрінді. Таяуды ала ұмтылып едік.

— Жа, құдайы құрғыр-ай, сол қасқырыңды айтпашы, інгенді жеп кетер, - деп Нұржан әңгімені үзді.

— Жоқ, балам, олай деме, Алтынжан ұл туады екен, - деп қарт ана ернін бір сылп еткізіп, бет-аузын екі қолымен сипап өтті. Сөйтті де әңгімені жалғай түсті. — Шырағым, сен тілді ал. Осы күннің ашық-жарығында Құмға барып, елден қысқа азық ететін қызыл тауып алып кел. Келін де сол ет жегісі келіп, көптен бері тыншымай жүр. Басқармаға келесі жылдың еңбеккүні есебіне браққа шыққан бір тоқты-торымды беруге рұқсат сұра. Көріп отырсың ғой, ертең қырқұлақ болатын болдық. Ал біз Алтын екеуміз қыс жамтығына кіріселік. Отын-су деген де бір ауыр жұмыс. Сен келгенше сонау Қарашатаудың төменгі сағасындағы, Дауылдың Қараның сайына құяр етегінен тобылғы мен саралжын дайындайық. Өзің келген соң інгенмен тасып алармыз. Асыл сөзінің аяғын күтпестен Алтын түзге шығып кетті. Осы кезде ана:

— Шырағым, байқайсың ба, келіннің аяғы ауыр, көктем шыға босанып қалар. Оған да қызыл керек қой, - деп Нұржанға бір қарап қойды.

Нұржан мұндай сөзді ана аузынан бірінші рет естуі еді: “келін” “бала” деген сөздерді есіне алғанда жасы он тоғызға жаңа толған Нұржан қызарып кетті. Даланың қызыл күрең тобылғысындай қанды беті жер ошақ ішіндегі отқа қыза күрендене түсті. Анасынан ұялғаннан бетін жайнап жатқан шоқтан тайғызып алып кетті. Кең, екі жағына екі жігіт мінердей мол жауырынына жабылған түйе жүні шекпенді кейін сілкіп тастап, саптамалы етігінің ақжем болған жұлығына қарады.

— Халқымызда ащы сөз бар, балам. “Әйел ерге қарайды, ер жерге қарайды”, деген. Бұл жаман, үйкүшік еркектердің істер ісі. Жолды білесің, ел көшкен өгіз арба өткен жол жосылып жатыр. Арада бір қонып, Майлысай бойына бір қонып, келесі күннің кешіне Шеңгелге жетіп қонасың.

Даладан қолтығына бір бума тобылғы шірпісін құшақтап Алтын келді. Ал Нұржан әлі де жақсы-ау, жаман-ау деп тіл қатқан жоқ. Алтын Нұржанға бұрылып қарады да:

— Қорықсаң, мен-ақ барайын, талай рет қой айдап өткен жер емес пе? — деп, миығын тарта күлді.

Келіншегінің сөзі Нұржанның намысына тиді ме, әлде өз ойын жинақтап болды ма, онысын кім білсін, тілге келді.

— Мен қорқып та, үркіп те отырғаным жоқ. Күн рені бұзылып барады. Тау ішінде екеуінді тастап менің елге кетуім қалай болар екен? Жинап алған отын-суымыз да аз. Отын — олжа, су нұрлық дегендей, ертең күн үп етсе, бұл маңда бұта жоқ. Неде болса отын дайындап алайық. Сосын-ақ көрерміз. Оған дейін Құм елі хабарласар, — деп Нұржан ойын бір түйді.

Асылға баласының бұл пікірі ұнап кетті. Нұржанның есейіп, азамат болғанына, аталы сөз айтуға жарағанына ана қуанып қалды. Бұл балаға деген ананың үлкен бір тоқтамды бағасы еді. Нұржанның өткен қысқа өмірін еске алды. Әкесі Нұржан бір жасқа толмай тұрғанда тырыспайдан дүние салды. Ол жылы да шаруа жайы күйлі емес еді. Содан бергі барлық тұрмыс қиыншылығы екеуінің мойнында келе жатыр. Көзің жаңа ашып, ат жалын өзі ұстап мінетін болған шақта, міне, соғыс басталды. Құдай қайырын берсін, бір аштықтың бір тоқтығы болар, бір жалаңаштықтың бір бүтінделер шағы келер деп ана баласының шаңырақ көтеріп, түгін түтеткеніне қуанып жүретін-ді.

Соңғы күндері Нұржанның көзінен ұйқы кетті. Ингеніне анасын мінгізіп алып, елең-алаңда сонау Қараның сайының бойынан тобылғы дайындауға кетеді. Кештете бір түйе отын алып келеді. Үйге келе Алтынның шаруасына көмектеседі. Көп ұзамай-ақ үй жанынан отын-су жиналып, өздерінше көңілдері көншіп, бүгін кешкілік от басына отырысты. Шай дастарханы жайшылып, Асыл әже кебезені ашып, ішінен жаз дайындаған ірімшік-құртын төкті. Балалары қуанысып, ірімшікті құрт-құрт шайнап жатыр. Қазандықтағы қу тобылғы қызып, жанып, үй ішін әбден көңілдендіріп жіберді. Байлам, семья байламы — ертең ертелетіп Нұржанды құмдағы елге аттандыру.

Түн ортасы ауа далаға шыққан Асыл енді төсегіне келіп қанша жатса да, ұйықтай алмады. Ауа райы бұзылып кеткен. Жел терістіктен Айырықтың басынан шығып алып, қар мен жаңбырың аралас сабалап тұр. Бұл араның елінің аузында жатталып қалған сөз бар. Егер “Айырықтың басынан жел шықса, жаз да болса қыс болар” деген. Демек, Айырық карт Орал тауының Мұғалжар тауымен үзенгілесер жерін айырып, әрі жалғастырып тұрған қос тау. Сондықтан оны қос Айырық, немесе Айырық дейді. Бұл таудың басынан жел шықса, болды — кемі бір ай ашылмастан боран соғады. Айырық басынан жел шықса, бұл өңірдің малшылары етек-жеңін жинап, малдарын Жаман тау, Шаған қойнауларына, Қараның сайы мен Дауыл аңғарына, етегіне, саралжынды ойына айдап апарып тастайды. Сонан соң бір-бір жарым ай өткесін ит-құстан аман қалған малын жинап алады, ел маңына жақындайды. Асыл осындай ауа райының өткел бермейтінін

бұрыштан да білетін-ді. Енді оның Құм елінен үміті үзілді. Жалғыз баланы жалғыз түйе мен жолға шығару хауіпті. Тау жолы ауыр, асу. Енді жолға шығу үшін мықты жігіт, дырау көлік керек. Олар қолда жоқ. Боран бірде ұлыған қасқырдай, бірде ботасы өлген інгендей, бірде кірпіштен салыпған шағын қараша үйдің төбесін көтеріп алып бара жатқандай гүілдеп, құлақты шуылдатып барады. Қазандықтың астындағы қоламтаға көмулі жатқан шоқты пештің ішімен, моржа арқылы далаға алып шыққандай болды. Үйдің төбесінің қамысы сыбдырлап, есіктер сықырлап барады. Бір кезде түйе боздағандай болады. Асыл аяғын ұшынан басып, далаға жүгіре шықты. Інген орнынан тұрып, бұйдасын тартқылап, үркіп бошалаған түйедей болып тұр екен. Мұндайда даланың тышқаны да інге кіріп кетеді. Жорытар аң қасқырлардың да ермегі жалғыз үй болады. Жүрегі лүпілдеп, Нұржанның шекпенін иығына салып, босағада жатқан шотты қолына алып, түйенің бас жағына таяу келді. Қорқынышты. Түйенің алдындағы қораның жарының жарық беретін жалғыз көзінің саңылауынан қар борап, ішке түсіп жатыр. Асыл жандөрмен күйі түйенің жабуының үстінен салып жүрген бұзаудың көне тулағын сол саңылауға тықты. Шамалы тұрды. Ұлыған иттің дауысы еміс-еміс естіледі. Өздерінде ит жоқ болатын. Көдімгі ұлыған қасқыр. Асылдың есіне өткенде келінінің көрген түсі түсті.

— Япырмай, Алтынжанның көрген түсі осы болғай да, - деп өз-өзіне күбірлейді. Айғайлап еді, даусы шықпады. Бір кезде өзінің желең шығып, тоңып қалғанын сезді. Үйге қайта оралды. Жетілік шамды сығырайтып жақты. Киізден тіккен етігін киіп, шалбарының ішіне көйлегін салып, шалбарланып алды. Кеудешесін киді. Жаулығын басына орап алды. Сонсоң күпісін киіп, шотты қолына алып, үйқыда жатқан балаларына біраз қарап тұрды. Бір ой: “Нұржанды оят”, дейді, бір ой: “көп уақыттан бері тыныш ұйықтағаны еді, тәтті ұйқысын бұзба”, дейді. Ананы соңғы ойы жеңді. Келінмен қатарласа, бір төсекте, жылы төсекте талабы да, тағдыры да бір Нұржанның ұйқысын кимады. Нұржанның қою кара шаштары басына ораған шыт орамалды түйреп жазғытұрғы жаңа шығып келе жатқан құмның қияғы сияқты болып көрінді. Бөстек көрпеден аяғы шығып жерге түсіп жатыр. Асыл шотын жерге қоя салды да, баласының аяғының астына қазандықтың қасында жатқан түйе жүн қапты төседі де, келініне қарады. Қара көленкеленіп тұрған бөлменің ішінен Алтынның ақ жүзі айқын көрінеді. Салалы бұрымды жазық маңдайының бір жағын жауып, оның сұлу көркін жасырғандай болып көрінді. Әрине, ананың балаларына сұқтана қарауы еді бұл. Егіз қозыдай бір төсекте, бір жастықта жатқан балаларына үлкен бақыт пен тыныштық тілеп, Асыл шотты қолына қайта алды. Сықырлаған есікті жайлап ашып, қораға қарай аяңдады. Үйдің есігі қораның есігіне қарама-қарсы болатын. Жел екпіндей, бауырын жаза түскендей. Қораның ашық-тесігінен ұрлана кірген

қар мен тамшы түйенің жатар жерін су етіп тастапты. Түйенің алдына келді. Қар толып, борап тастаған. Шоттың басымен қарды аршып, мана өзі тыққан бұзаудың тулағын қарап еді, таба алмады, жоқ. Қасқырдың тулақты алып кеткенін Асыл енді аңғарды. Енді түйені жеп кетер деген оймен ол ұзақ тұрып қалды. Қанша тұрғанын өзі де білмейді, көзін ашып алса, үйде пештің түбінде қалың төсектің үстінде жатқанын бір-ақ сезді. Бас жағында Нұржаны, аяғын уқалап келіні Алтын отырғанын көрді. Не болып, не қойғанын ажыратарлық шама жоқ. Денесі қызғындап, қалтырап ұшып барады. Иегі-иегіне тимей аласұрып сөйлейді. Екі баласы үнсіз отырып, егіліп жылайды, Алтын үйді жылытты. От жақты. Түйені сауып, шай дайындады. Сүтке сұйық көже істеді. Бірақ ешқайсысынан да Асылдың ауыз тиюге шамасы келмеді, басын көтере алмады. Сандырақтап сөйлесі бастады. Шамасы тер қысып жатқанға ұқсайды. Алтын көне қапқа ысқылтым қоламтаны салып, енесінің табанына басты. Сәлден кейін Асыл ұйықтап кетті. Нұржан анасының үстіне үйдегі бар жаман-жақсылы киімдерді, көрпелерді жауып тастады.

Нұржан мен Алтынның анасынсыз алғашқы жайған дастарханы еді бұл, шай. Екеуі де біріне-бірі қарап “ішсейші, суып қалды шайың” деп отыра берісті. Ақыры, шай дастарханын жинап болды. Алтын үйді жылыту үшін от жағып, Нұржан күзде пішенге жинаған көкпегінен түйесіне салып, шаруа жайына кірісті. Астық қоймасын бір айналып шықты. Ерсілі-қарсылы жүрген қасқыр іздерін көрді. Бірақ борай да жаңбырмен араласа жауған қар төңірек жарық бола, таза қарға айналды. Құрық тастамнан артық жер көрінбей кетті. Нұржан құдыққа дейін жол салып бір-екі рет жүріп өтті. Сөйтті де үйге су әкелді. Түйені суарды. Қазандыққа сиятындай етіп тобылғы мен баялышты бұтарлап үйге кіргізді. Пештің артына кеуіп тұрсын деп отынды жинап қойды. Үй шаруасы біршама аяқталды. Енді не істеу керек? Құм еліне ауа райы мұндай болып тұрғанда жүруге болмайды. Оның үстіне анасы аяқ астында қатты ауырып қалды. Оның не болатынын тағы білмейді. Жазатайым көз жұмса, иманын айтатын да адам жоқ. Екеуі қалай күн көреді? Ертеңгі күн күйбелеңі осылай мазалай Нұржан үйге кірді. Алтын енесінің маңдайын сипап отыр екен. Алтынның маңағыдай емес, ажары кіріп қалыпты. Асылдың білеудей болған шеке тамырынан шіп-шіп қана көрінген тер ананың тынысын кеңейте түскен сияқты. Алтын Нұржанға ым қағып, “қазандықтың отын қағыстыр, шамға жермай күй” дегендей ізет көрсетті. Келіншегінің нұсқауын ыммен түсінген Нұржан отты гүрлетіп жағып жіберді де, жстілік шамға жермай кұйды. Әжесінің беті бері қарағанына қуанып, Алтынның қасына барды.

— Сен маңдайын, екі қолын уқалашы, Нұржан-ай! — деп Алтын орнынан тұрды. Қазандықтың астынан ысқылтым қоламта алып, тағы да енесінің табанына маңағы қапқа салып қойды.

Нұржан үйіндегі бір күнгі тіршілік осылай өте берді.

Жел әлі де Айырық басынан соғып тұр. Қар борай жауады. Екпінді желмен қуалай қуыс-қолтықты толтырып жатыр. Дауыл өзенінің бас жағы Қарашатау мен Жамантау. Шаған өңірлері ақмұрттанып, сауысқанның бауырындай болып көрінеді. Үйді де төбесінен асыра қар көміп кетті. Ертеңіне сыбылықты боран болды. Жібіткек. Қар әлі де борай жауып тұр. Түс ауа ауа райы салқындай түсті. Қар қиыршықтап түсіп тұр. Жел бұрынғысынша, терістіктен соғуда. Түнімен соққан боран түс ауа ішін тартқандай болды. Бірақ бірде боран, бірде қар, бірде жел болып осы ай туғалы ауа райы аса қолайсыз. Қар өте қалың. Ой жерлердің қары түйенің тізесінен келеді, қырлық жерде жүру қиындап қалды. Оның үстіне кешегі аяз қарды шегелеп кетті.

Ауа райы бүгін де шаруаға өткел беретін емес. Бірақ аспанда емге бұлт жоқ, жап-жалтыр. Жел жоқ. Қатарынан бірнеше тәулік бойы жауған қардың аязы демінді тарылтып, өкпенді қысып барады.

Асыл басын көтерді. Шайға қарады. Сүтке жібіткен тары көже ішетін болды. Асыл мен Алтын шүйіркелесіп от басында отыратын болғасын Нұржан жолға шығуға әзірленді. Түйесін жазылап, қоржынына бір-екі таба нанын орап салып, ертең ерте жүрте анасы мен жұбайынан рұқсат алды. Түн ортасы ауа ауа райы жылынды. Бұлыңғыр аспанды бұлт басты, оның соңы қар деген сөз. Ертеңгілік солай да болды. Тау іші жауған қар мен желге толып, алай-дүлей боран басталды да кетті. Жел әлі де баяғы терістіктен – Айырықтан соғып тұр. Нұржанның Құм еліне бару үміті әбден үзілді.

2

Құмның бір қабат ішіндегі шилі сары жағаға орналасқан бесалты үй “Үлкен Борсық” колхозының орталығы. Артельдің басқарма кеңсесі де осында орналасқан. Күнде ертеңгілік осы өңірдің шал-кемпірі, бала-шағасы, ауылдағы жігіттер бірі жаяу, бірі көлікпен басқарма кеңсесіне келіп, соңғы хабарларды естиді. Майданнан келген жаңалықтарды газеттерден оқып, өздерінің азаматтарынан хат күтеді, аманшылығын аңсайды. Бүгінде олар осында жиналды. Күндегі әдет бойынша түс ауа Шалқардан сары атанға мінген пошташы келеді. Жиналғандар пошташы келіп, газет-журналдарды, хат-хабарларды таратқанша ешкім ешқайда аяқтарын серіппестен отыра береді. Күзгі бүрінен, көгінен айырылған даланың құрайындай ауыл адамдарында жылы кескін, қан жоқ. Қабақтар түйюлі, бәрінің де ақтарыла күткендері, аңсап сүйгендері бар.

— Ура, пошташы Үмбет ақсақал келеді, Үмбет ата келеді! — деп ауыл балалары қарға орана, малтығып, келе жатқан қартқа қарай жапырла жүгірісті.

— Ия, құдай, бозқасқа құдай жолы!

— Амандық бергейсің!

— Амандықпен қауышайық! - деген дауыстар да кеңсе төңірегінен жауып кетті. Сары атанға теңдеген қоржыны толы Үмбет ақсақалды сол шағыл бөктерінен қарсы алған балалар:

— Ата, менің папамнан хат бар ма?

— Ата, маған хат бар ма?

— Ата, ата, деймін, маған не бар? - деп балалар өзі де аяғын бір басуға ерініп келе жатқан сары атанның жүрісін өндірмей-ақ қойды. Ал ауылдың қарияларының шыдамы таусылып, екі иығынан дем алып, “шөлдеп” тұр.

Күндегі әдетінше Үмбет ақсақал сары атанын шөгеріп, қоржынды шешіп, бір басындағы газет-журналдарды, хат-хабарларды жиналғандардың алдына қояды да, хат танитын естиярлау деген Диярға үлестіріп беруге ұсынады. Ол сүйіншісін сұрап біреуін қуантып, біреуіне газет-журналын беріп жатады. Ал бұл кезде Үмбет ақсақал кеңсеге кіріп, ауданнан берілген ресми хаттарды ауылдық кеңестің төрағасына, колхоз басқармасына өз қолымен таратады.

Ауылдық кеңестің төрағасы Кәбираға көбіне аудандық соғыс комиссариатынан жігіттерді майданға шақыру повесткалары келеді. Жаңағы жиналған халық келген хат-хабарларын, газет-журналдарын бір қарап шығып, Кәбира кеңсесінің есігінің алдына жиналады. Бұл күні кімдерді майданға шақырып жатқаны осы кеңседен, Кәбираның аузынан естіледі. Ауылдық кеңестің төрағасы майданнан келген қара қағаздарды бір бөлек жинап алады да, жұмыс аяғында ауылдың басшылары мен үлкендерін ертіп алып, сол үйдің адамына есіттіртеді. Ал майданға шақырылған жігіттерге келген повесткаларды колхоз басқармасын шақырып алып, ол азаматты аудан орталығына, соғыс комиссариатына жеткізуге тапсырма береді. Бүгінгі поштамен Мүзбелдің Дауыл қоймасында тұратын Нұржан Әбдіровке де повестка бар. Кәбира ұзақ ойланды. Жер аяғы қашық. Қыстың көзі қырау. Бірақ соғыс комиссариатының бұйрығы орындалуға тиіс. Нұржанды қаңтардың 19-ына жеткізу керек. Алда үш-ақ күн бар. Енді не істеу керек?

— Бердеш, саған жауынгерлік тапсырма, - деді Кәбира колхоз басқармасын шақырып алып. — Мына повестка Нұржанға. Майданға шақырады. Сол жігітті үшінші күні Шалқарға соғыс комиссарына табыс ету керек. Адам, көлік ұйымдастыр.

— Бәрінен қиыны осы болды, - деді Бердеш мұртын талдай түсіп.

— Неге?

— Сонау тау ішінде ел-жұрттан жырақта шүйкедей кемпір мен кеше түскен жас келін қалады. Қыс ішінде көшіріп алуға баратын адамым да жоқ. Екіншіден, осы боранда тәуекел етіп екі күншілік жерге кім барады? Кім өле алмай жүр дейсің далада?

— Бұйрық орындалуға тиіс. Мен ештеңе білмеймін.

— Менің өзімді алғаны дұрыс еді, майданға, - деп Бердеш сиыр мүйізді шақшасын етігінің қонышынан алды да, тақасына қағып-қағып жіберіп алақанына толтырып, насыбай салды. Оны тілінің астына — таңдайына басып жіберді. Шірт еткізіп жерге бір түкірді де, қасында тұрған Диярға иек қақты. Ол орнынан атып тұрды. Бұйрық күткендей қақшиып қалыпты.

— Маған Тінәліні шақыр.

— Күп болады! - деп Дияр аяғының ұшынан басып жүгіре жөнелді.

Тінәлі елуді артқа тастаған адам. Ол осы араның көнігі аңшысы. Көзін байлап қойғанда да Борсық құмының қай жерінде ой, қандай жерінде қыр барын бес саусағындай білетін адам. Сондықтан болар, шамасы басқарма осы бір Нұржанды әкелу жауапкершілігін Тінәліге жүктегелі отыр.

Сүмелектеп, даланың суығы мен аязын алып Тінәлі келгенде, Бердеш манағы таңдайына салған насыбайын тілімен алақанына атып жіберді де, орнынан тұрып қолын созды. Тінәлі ернін жыбырлатып амандасты. Салалы мұртына қатқан мұзды баданадай ебедейсіз саусақтарымен ерітіп түсіре бастады. Мол етіп тігілген түлкі құлақшынын маңдайынан көтеріңкіреп қойып, оң жақ құлағын ашып қойды. Саптамалы етіктің жұлығындағы қатып қалған қарды екі аяғын біріне-бірін қағып-қағып жіберіп, түйе жүнді күпісін тізесінен төмен түсіріп, “ал сөз тыңдауға мен дайынмын” дегендей, басқармаға қарап, аңтарылып қалыпты.

— Тілеке, сізді шақырғанда, үлкен бір жұмыс тапсырғалы отырмыз. Мүзбелге қарай қасқыр аулап қайтпайсыз ба? - деді басқарма сығырайған көзінің қысқа кірпіктерін жиі сабалап.

— Шырағым-ау, не айтқаның, осындай боранда қасқыр аулай ма?

— Сіз ауласаңыз қайтеді?

— Жоқ, шырағым, батырға да жан керек деген ғой. Аңшы түгілі, арыстан далаға шығатын ауа райы емес қой, бұл!

— Сен әңгімені жұмбақтама, Бердеш, - деп сөзге Кәбира араласты. Бұл күндері Кәбира ел апасы, ел анасы болған әйел. Күйеуі Аманжол майданда. Сол күйеуінің орнында ауыл Совет.

— Иә, солай, турасын айтыңызшы, шырағым.

— Турасы мынау, - деп сөзін жалғай түсті Кәбира. — Дауыл бөгетіндегі Нұржанды армияға шақырып жатыр. Үшінші күні кешке Шалқарда, военкоматта болуы керек. Біз әрі ақылдасып, бері ақылдасып, сізден басқа жол білетін адамды таба алмадық. Өзіңіз көріп отырсыз, ауылда азаматтар да азайып барады ғой. Бәрі де майданда, ел қорғауда. Сол баланы алып келу сізге жүктеледі.

— Ойпырмай, шырақтарым-ай, скі әйел сол бөгетте қалай қалады? Шаңырақ көтерген бір жетім еді, - деп барып Тінәлі ақсақал мүдіріп қалды.

— Оның несін айтасыз, талайдың жалғыз да, боздағы да майданға шақырылып жатыр ғой. Обалы фашистерге болсын! Басқа не айтайық. Біздікі Отан, майдан бұйрығын орындау, - деді Көбира.

— Ия, шырағым, солай ғой. Солай. Көршімнің баласынан екі аптадан бері хат жоқ. Кемпірі екеуі зар иелеп отыр, - деді Тінәлі.

— Ақсақал, бүгін шығып кетіп, далаға қонасың, ертең кешке Дауылға жетесің, сосын Нұржанды алып тура Шалқарға тартасың.

— Көліктің реті қалай?

— Көлікті Үмбеттің поштаға мініп жүрген сары қоспақ атаннан басқа... - деді басқарма.

— Оның өзінің қоңы қалай екен, барып-келуге жарай ма?

— Басқа көлік жоқ. Өгізбен барып келе алмайсыз.

— Серікке бір адамды қоспайсыздар ма?

— Үш адам қайтарда бір түйеге сыйып, мінгесіп келе алмайсыздар ғой. Не де болса өзің тәуекел ет, Тінеке, - деп басқарма сөзді аяқтады.

— Жарайды, жүрейін, - деп Тінәлі аяғын сүйрете басып кеңседен шықты.

3

Кешкілік күн жадырап, ауа райы тәуірлене бастады. Жел жоқ. Шақылдаған аяз. Бірақ күн бұлтқа батты. Далада өскен, мал баққан адамның бір көзі ауа райын бақылауда болады. Бұл жағынан алып қарағанда, олар ауа райын зерттейтін мамандар сияқты. Нұржан қыстауының алдына шығып ауа райындағы бұл өзгеріске ұзақ қарап тұрды. “Ия, күн бұлтқа батты. Бұл түн ортасы ауа қар жауады, арты боранға ұласады деген сөз”, - деді іштей күбірлеп. Қайта үйге кірді. Қара балшықпен сыланған бір терезелі шағын бөлменің пешінің түбінде жатқан анасының қасына келді. Қолын уқалап, айналасын қымтап қойды. Ал Асыл бұл күндері біраз тәуірленіп, аяғын бауырына жинап қалған еді. Асыл үй шаруасынан қалғаннан бері от жағу, тамақ істеу, үйдің басқа күйбеңі түгелдей Алтынның иығына түскен-ді. Бұл күндердегі оның көмекшісі Нұржан. Ол даланың барлық жұмысын істейді.

— Ене, басыңды көтерсейші, күн батып барады, - деді келіні Асылға.

Нұржан түйе жүні күпіні анасының басының астына жинап, соған басын сүйеді. Шамалыдан кейін Асыл басын көтерді. Бұған екі баласы қуанысып:

— А-алла, мама тәуір болды, той істейміз, - деп екеуі бірін-бірі құшақтап жатыр. Асыл тіл қатты:

— Нұржан, сен далаға шық. Түйенің күндіз тұратын жерінің қарын күреп, айналдыра аққала соқ. Қораның қар үрлеп, жел, аяз кіретін ашық-тесіктерін қымта. Есінде болсын, өткендегі қасқыр-

дың бұзау тулағын алып кеткен тесігіне сақ бол. Сол тесікке мықтап тобылғы тық. Қасқыр ашып ішке – қораға кіртіп болмасын.

Асылдың сөзін түсініп, тындап алған соң, Нұржан далаға шықты. Аққала соқты. Құлақшынының құлағын көтеріп, буы бұрқыраған жазық маңдайын ашып тұрған кезде үйден Алтын шықты. Нұржанның қаны тамып тұрған қызылкүрең бетіндегі тостақандай қара көздері Алтынның ішін бір жалап өткендей, тап бүгін ғашық болған жардай келіншегі тосылып қалған еді. Алтын таяу келді. Аппақ тістері ақсиып ақсары келіншегінің алдына келіп тұрғанына Нұржан ілгі кез мән бере қойған жоқ-ты. Көзінің айналасындағы жұқалтаң аққұба терісін сәл жиыра Нұржанға езу тартып күлді де:

– Нұржан, сенің өміріңнің жалғасыңның дүниеге келер күні қашық та емес-ау деймін...

Алтын енем есітіп қалған жоқ па екен дегендей, үйдің есігіне қарады да, екі беті қызарып алаулап кетті. Ұрланып Нұржанға көз қиығын тастай беріп еді, Нұржан қолындағы қар күреп тұрған ағаш күрегін қарға шанша салып, қасына келіп-ақ қалған екен. Алтынды жуан бөкседен құшақтап көтеріп алды да, ып-ыссы тамағының астына мұрнын тығып жіберді. Құмарлана бір иіскеп жерге қоя салды. Олар бір-біріне қайта қарасты. Алтынның тобылғының шоғындай өткір көзінің айналасына ып-ыстық жас дөңгеленіп іркіліп тұрғанын көрген Нұржан алмадай екі бетінен қайта-қайта сүйді. Көзінің жасын қолымен сүртпей, аузымен жалап, құшырлана тағы сүйді. Үлбіреген жұқалтақ ерніне көп қарап тұрды. Қайта құшақтап, Алтынды бауырына қысып жіберді. Алды ашық, ақ көйлегінің төске таман жеріне Алтынның бетін төсеп, шолақ фуфайканың шалғайының ішіне орап алды. Жігіттің төсіне мұрнын тақаған Алтын өзінің қанша тұрғанын да білмеді. Нұржанның: “Алтыным, тоңып қаларсың, үйге барсайшы”, деген сөзі осы бір көріністі сәл бөгегендей болды. Бірақ затында есі кетіп, құлап сүйген жігітінің бауырында тұрған әйел бұл сәтте қандай бөгет кездесе де, оны алуға әзір еді. Алтын Нұржанның бауырына кіре түсіп, оның астаудай үлкен төсін ашып жіберіп, құмарлана иіскеп, аймалап, сүйіріктей саусағымен сипап тұрып, талықсып кете барды. Сол кезде Нұржан Алтынды аяғынан тік көтеріп алып, үйге қарай аяндады.

4

Түнімен жауған қар ертеңгілік жаяу борасын болып тұрды. Сәске түсте жел бауырын жазып алды да, Дауыл бойын алай-дүлей боранға орады да тастады. Нұржан кеше кешкілік аққаладан жасаған ауласын қардың сипап кеткенін көрді. Тағы аула жасауға болмайды. Түйені қорадан шығармай-ақ, тұрған жерінде шөп салып, су беруді көздеді де, шаруаға кірісіп кетті. Күннің қай мезгілі болғаны да белгісіз, ақ мылтық боран соғып тұр.

Алтын екі шелегін алып су өкелуге шықты. Мұны көрген Нұржан Алтынның қолындағы екі шелекті өзі алды да, құдыққа қарай жүре берді. Бірақ Алтын сол аққаланың үстіне шыққан бойы Нұржанды күтіп тұрып қалған еді. Төңірекке көз салды. Әр жерде ақ теңіз ішінде итсегек пен теріскен бұталары көзге шалынады. Боран ішінде бұталар қаптап келе жатқан біресе атты кісілердей, біресе түйелі адамдардай бірде ұзынын, бірде көлденеңін беріп келе жатқан сияқты. Бірақ бәрі де алдамшы дүниесі. Елден хабар жоқ, әбден елендеп отырған Нұржанның бұл жалғыз үйі Құм жаққа қарай-қарай көздері талған, мойындары ауырған. Екі шелек суды алып, Нұржан таяу келгенде Алтын өлі де төңіректен көз алмай тұрған-ды. Суды қоя салып Нұржан да аққаланың үстінде тұрған Алтынның қасына келді.

— Алтын, Алтын, мына жаққа қарашы, сонау жел өтіндегі, боран ішіндегі жаны бар нәрсе сияқты. Қарашы, көзіңді тоқтатып қарашы, - деп Нұржан маңдайына қолын қалқалап, құлақшынының оң жақтауын ішіне қайырып, құлағын желге тосты.

— Қойшы, итсигек қой.

— Жо-жоқ, итсигек ондай болмайды. Тым қомақтылау емес пе?

— Қасқыр болмаса, мұндай боранда елсізде адам жүрмейді ғой.

— Дегенмен, жаны бар нәрсе сияқты, осы қара.

— Адам болса, жолаушы болса, ол жерде неғып тұрады? Үйге келмей ме?

Алтынның бұл сөзіне Нұржан жауап бере алмады. Нұржан шелектерді көтеріп, үйге кіргізді. Сүт пісірімге жетпейтін уақыт ішінде шелек ішіндегі судың бетін қар көміп тастаған, су қабыршықтанып қатып қалыпты. Көптен май көрмегендіктен ернегі даттанып қалған қара қазанға бір шелектей суды құйып жіберіп, Алтын қазандықтың астындағы қоламтаны ашып, баялыштың шірпісін салды. Үстіне бұтарланған тобылғы үйді. Еңкейіп отты үрлеп жағып жіберді. Шам қойды. Енесінің қасына келіп, қолының жылуын байқап көрді. Баялыш пен тобылғының қызуы қазандағы суды жаңағыдайда-ақ қайнатып, буын бұрқыратып жіберді. Шай дастарханы жайылды. Асылдың кебезесінен сөк араластырылған құрт, ірімшік алып, дастарханға төкті. Бұл кезде Нұржан да түйесін жайлап, үйге оралған еді. Нұржан:

— Мама, шай ішейікші, бәріміз түгел отырып, тұршы, - деп анасының қасына келді. Асыл басын көтеріп, қазандықтың жанындағы тіреуге таяу қисайып, оң жағына жамбастап отырды. Алтын шай құйды. Түйенің сүтін құйған қызыл күрең шайдан бір-екі шыны аяқ ішкесін-ақ Асыл тершіп, есін жинады. Сонан соң Нұржаннан ауа райын сұрады.

— Ауа райы қолайсыз, мама. Осы жаңа кешкілік құрық тастам жер көрінбей қалды.

— Айттым ғой, қарағым. Дауылдың мінезі осылай. Бұл жер жазда да суық жер. Сондықтан, ата-бабаларың Мүзбел деп атап

кеткен. Жаздың, шілденің күндерінде де киіз үйде көрпе жамылмай жата алмайсың. Ал қыста не жорық. Оның үстіне мына Айырықтан жел шықса болды, өткел бермес қыс болады. Күн ашылса, мына арқа жақтағы биікке шығып, төңірекке көз салыңдар. Қостанып жүре беретін аңшылар болатын-ды...

Нұржан осы кешкілікте құм жолы бойындағы өзі байқаған қараны айтты. Алтын тағы да: “Бұта шығар, аңшы ұзақты күн сол жолдың үстінде жата ма?”, – деді.

– Байқандар, көлігі жүрмей, не бір жағдай болып үйге жете алмай жүрген адам болмасын, – деді Асыл суып қалған шайын қылқ еткізіп бір жұтты да.

“Жаман күнді жатып тыңда” дегендей, Нұржан түтеген боран ішіндегі тағы бір мазасыз түнді жамылып, ұйқыға кетті.

Ауа райы жылынды. Аспанды бұлт торлады. Ертеңгілік қиыршық қар ұшқындап тұрып, түске жуық күн жадырады. Аспанда шабыра бұлт бар. Жел қымқа оңтүстік батысқа бұрылған сияқты. Бірақ жер-көк теп-тегіс, жылан жалағандай, қар қатып қалған. Төңірек анық көрінеді. Көз жетер жердегі бұталар, тау аңғарлары, өзен қойнаулары тап аяқ астында тұрғандай жап-жақын. Нұржан аққаланың үстінен тағы да кеше кешкілік Алтын екеуінің арасында талас пікір туғызған құм жолы бойындағы қараға тіктеле қарады. Шынында да, ол бұта емес. Аққаладан секіріп түсіп, үйге келді. Алтынды далаға алып шықты.

– Ал, қарашы, мынау бұта ма, әлде шөккен түйе ме?

– Қойшы, ол жерде қар үстінде түйе жата ма?

– Соған екеуіміз барайық, киініп шық, – деп Нұржан Алтынды аққаладан жетектеп түсірді де, өзі түйе қорасына қарай кетті. Түйенің шөбін салып, жайлап, далаға шыққанда, Алтын да жүруге өзін тұрған еді. Екеуі құм жолы құлар төске қарай көтеріліп келеді. Әрине, екі қабат әйелге өрге шығу оңай емес. Шамалы жүргесін-ақ Алтын екі тізесін кезекпе ұстап, маңдайынан шып-шып тер шығып, екі беті алаулап, аяғын күрткі қардан өрең суырып, ынтығып қалды. Мұны байқаған Нұржан келіншегін қолтықтап, өрге қарай жетелей түсті.

– Әркез бірге болғаймыз, Нұржан, – деді Алтын еңтігін баса алмай келе жатып.

– Алтыным-ау, ол сөзді неге айттың? Бұл ой сенің басыңа қайдан қаңғалап келді?

– Қайдам, соғыс өрті бізге де шарпуын тигізбесе еді.

– Қорықпа, әлі де шыңда да, ойда да бірге боламыз, бірге өмір құрамыз!

– Нұржан, мынау, шөгіп жатқан түйе, өне қара!

Нұржан Алтынды қолтығынан босатып жіберді де, өзі борап тастаған күрткі қарға малтығып жаңағы шөккен түйеге жетті. Аңтарылып тұрып қалды. Қардың астында мойнын алға созып жатқан түйе. Өркештеріне дейін қар басып, сипап кетіпті. Нұржан қарды аяғымен әрі-бері теуіп көріп еді, сіресіп қатып қалған қар

оған болмады. Түйенің мойны, басы жағындағы қарды Нұржан екі қолымен осып-осып жіберді. Бірақ қолға болатын қар жоқ.

— Алтын, сен осында аялдай түр. Мен үйге барып күрек әкелейін, - деп Нұржан қырдан төмен қарай сырғанақ тепкен баладай домалана жөнелді.

Түйенің басындағы, мойнындағы қарды күреп, аршып болып қараса, колхоздың көдімгі сары қоспағы екенін Нұржан бірден таныды. Бұл қоспақ қалай келген, кімді алып келді? Түйенің ық жақ бетіндегі қарды аршып көріп еді, қар астынан түйенің алдыңғы аяғының діздер басына орай жатқан адам табылды.

— Тінәлі ақсақал!

— Ойбай... Тірі ме, өзі?

Нұржан кеудесін ашып жіберіп, құлағын төседі.

— Тірі!

— Ойпырмай, ә?!

— Ия, осы өңірдің белгілі аңшысы ғой. Тінекең бір боранға беріле қоймас.

— Ал түйесі тірі ме?

— “Тізеден қар жауса, қоспақ орнынан тұрмайды” деген мал өсірген шаруаның қанатты сөзі бар еді. Дұрыс екен ғой. Қоспақ неге өлсін. Қар астындағы адам да, мал да өлмейді. Себебі, қар асты жылы болады, оның астындағы адам үсімейді.

Тінәліні екеулеп қолтықтап үйіне әкелді. Алтын пештің қасына Тінәліні шешіндіріп, үсті-басын уқалап, аузына су құйды. Беті-қолын жылы сумен жуды. Киімдерін жылытып, кептіріп қайта кигізді. Бұл кезде Нұржан бір қолтық көкпекті алып, сары қоспаққа жеткен еді. Түйе аузын толтыра екі-үш рет көкпекті асап жібергенде, көзі жайнап жүре берді. Ішіне шамалы от барғасын қоспақ орнынан тұрды. Нұржан қоспақты жетектеп түйе қораға кіргізді де, көкпек салды. Қазандағы жылы сумен суарды.

Тінәлі көпке дейін есін жия алмады. Тілге келмеді. Бір- екі аяқ ыссы шай ішкесін, маужырап ұйықтап кетті. Алтын мен Асыл түйе сүтіне сөк салып, кешкілік қонақ асы дайындады. Сүт көжені ішіп, бойы жылынған Тінәлі ақсақал тілге келді:

— Құмдағы ел аман. Фашист басқыншыларының әлі де беті қайтпай тұр-ау деймін шамасы. Жастарды, ер адамдарды армияға шақырып алып жатыр. Айтпақшы. Бердеш бір қағаз беріп жатыр еді, Нұржан саған, - деп Тінәлі жеңсіз бешпетінің төс қалтасындағы шиланының ішінен қағазды алып Нұржанға ұстата салды.

— Мен арғы күні аудандық соғыс комиссариатында болуым керек екен, - дегенде Асыл мен Алтын сұлқ түсіп отыра кетті.

— Біз қайттік, біз далада қалдық-ау, - деді Асыл жаулығының ұшымен көзіне іркілген жасты сүртіп жатып. Алтынның да бетінің қаны қашып, әжімденіп қоя берді.

— Менің баламды көрсеткен адам бар шығар, болмаса Дауылда жалғыз үй отырған Нұржанды, кім, қайдан білсін. Тінеке, кім көрсетті, айтшы? — деп Асыл тағы да егіле түсті.

От басындағы манағы өмірдің кең тынысы тарылып, қою тыныштық орнады. Сөзді Нұржан бастады.

— Сіздер мұндаймандар, тағдырдың салғанын көрерсіздер. Отанды қорғауға аттану — менің азаматтық борышым. Ендігі мәселе жүру жамтығына кірісуіміз керек.

— Құлыным, Отаның алдындағы борышыңды өтеуге қарсы емеспіз ғой. Тек елден жырақта, жалғыз үй, шүйкедей бір қатынмен қалып бара жатқаным болмаса, — деп Асыл баласының маңдайынан сипады.

— Мама, жалғыз емессіз, қасыңда Алтын бар. Ертең-ақ ел келеді, шаңырағына ие тауып беруді Алтын мойнына алады, — деп сөзді көңілді әңгімеге айналдырды Нұржан.

— Қайдам, құлыным, амандық болғай, — дей берді Асыл.

Ертеден сөзге араласпай отырған Тінәлі ерніне қысып отырған ақбурыл сакалының ұшын қолымен төмен қайырды да, Асылға бар денесімен бұрылып:

— Асылжан, әйелдің асылы едің, ақылды едің ғой. Бұл ауыртпалық бүкіл ел иығына түсіп тұр ғой. Талайлардың жалғыз, талайлардың боздағы майданға кетіп жатыр. Ел намысын қорғап жатыр. Сенікі шүкір ғой. Осы күні кеше Дүйістің жалғыз баласынан кара қағаз келді. Тынымбайдың үлкен ұлы ерлікпен қаза болды деп есіттірді. Түгелбайдың жиені Асқардың жаманаты келіп тұр. Ал, неде болса, құдайға тәуекел деп, белді мықтап бу, Алтын келін екеуің бірігіп күн көр. Енді бір-екі айда ел де көшіп келеді. Күн жаманы кетер, адам жаманы есте қалар деген ғой. Басқыншылардан құтылар күн болса, бозқасқа құдай жолы айтып, ел той жасар.

— Дұрыс қой. Тінәлі, тек далада қалып бара жатқанымыз ғой. Кіндіктен жалғыз еді, құлыным, жасаған ие, жар бол жанына, — деп Асыл келінін қасына шақырып алып, маңдайынан иіскеді.

— Орны бар оналар деген. Ертең-ақ Нұржан жеңіспен елге оралар, той істеп, думан құрармыз. Сонда да мүйіз шықпас, Асылжан. Қамықпа, оңашаланып жабықпа. Алтынды бақ. Ол сені бағады. “Саусақ бірікпесе мықты жұдырық болмайды”, дейді ғой халқымыз. Бірігіп күн көру керек. Бізді бөгеме, Нұржан сөз есітіп қалар, — деді Тінәлі.

— Солай, мама, дайындалайық. Жол ақысы жүрмек деген ғой. — Меніңше, осы айдың жарығын пайдаланып, түн ортасы ауа жүріп кетейік, ертең Шалқарға жету үшін осындай суыт жүріс керек, — деді Тінәлі.

Асыл баласына жол азық дайындады. Бір дорбаға ірімшік, құрт қосқан сөк салды. Бір дорбаға тұзды суға бөктіріліп қазанға қуырылған бидай салды. Екі таба нан пісіріп, оны да екінші дорбаға салды. Сүтсіз кара шай ішпе деп шишаға түйенің пісірілген сүтін құйып, шүберекке орап, оны да дорбаға салды.

Жүру жамтығы аяқталды. Тінәлі сары қоспақты жазылап, суарып қойды. Екі қолтық көкпек алып, оны екі бөлек етіп жіппен

буып, түйеге шандып теңдеді. Іштей: “далада қалсақ, әрі отын, әрі қоспаққа азық” деп күбірлеп қойды.

Нұржан Алтынмен қоштасты.

— Сау болындар, мамамды бақ, мені жоқтатпа, шаңырағыңды құлатпа!

— Бәрі орнында болады, қорықпа, тек аман оралғайсың, - деп Алтын құшағын жая түсіп, қасында қариялардың тұрғанын сезіп бөгеліп қалды.

— Анашым, сау бол! Балаң дұшпаннан ел кегін алмай оралмайды, - деп мамасын бар құшағын жайып құшақтады. Асыл көзінің жасын төгіп-төгіп жіберіп:

— Құлыным, сау бол, Қыдыр ата жолдасың болсын. Аналық ақ сүтімді кештім!

— Асылжан-ай, артық айтпашы. Аmandық болса, ертең-ақ қайтып келмей ме? Жылама, налыма! Ел қорғауға ұл аттандырғаныңа қуанбайсың ба? Бұл сенің қай босауың? — деп Тінәлі ақсақал ананың құшағын ажыратты.

Сары қоспаққа мінгескен екеу қарлы боранда жолға шықты. Асыл мен Алтын олардың ақ толқын теңіз ішіне кемедей боп кіріп, қарайған нүктедей болып, ақыры көзден таса болғанға дейін ұзатып салды...

5

Қысқы жол. Тау жолы. Хауіп көп. Сай-сала, жыра-жылуанды қар басып жатыр. Жердің ыңғайын білуге болмайды. Ал айнала төңірек ақ теңіз. Бұл өңірде Нұржанның әкесі Әбдір кіндік кестіріп, кірінің суын төкті. Жастық шағын, жігіттік кезеңін өткізді. Ал Нұржан осы бір жастық бақытын ұрлаған неміс фашистері салған соғыстың алғашқы кездерінде өгіз арба айдап, соқамен жер жыртты, түйемен шөп тасыды. Сондықтан да бұл тұстың үрпек бас төбесі, тарғыл тасы, тарлау жусаны, аксидам бұтасы, қарағаны мен күрең тұбылғысы таныс, туыс, әрі ыстық.

Қанша жүргендері, қай уақыт болғаны беймәлім. Төңірек бедерсіз де белгісіз, ақ күйін—теңіз. Жол да, жон да белгі бермейді. Сары қоспақ жөнге жүрмейді. Түйенің бұйдасын қаға-қаға, тарта-тарта Нұржан әбден қалжырады. Сары қоспақ тоқтады. Нұржан түйеден түсіп, түйені жаяу жетектеді. Бетке соққан қар сабалап, ілгері аяғын бастырмай-ақ қойды.

— Нұржан, қай жерде тұрмыз? — деді Тінәлі.

Сендей соғысып, қар жалдарына көз тастап тұрған Нұржан құлақшынына қатып қалған қарсүмелекті түсіріп, көзіне сабалап ұрып тұрған қарды қолымен көлегейлеп төңірекке көз тастады. Сөйтті де:

— Біз Майлысайдың басына келіп тұрмыз. Алда Қопасор да қашық қалған жоқ. Жомартта ел бар шығар. Бірақ мына күймен жете аламыз ба? Менің тілімді алсаң, Тінеке, мына қардың

онтүстікке құлар бауыры терең сай. Сонда барып түйенің ішіне от салып алайық. Өзіміз де ауызға бірдене салайық. Соған дейін төңірекке жарық түсер. Сары қоспақ шыдаса, біз тұрдық.

Майлысайдың бөгеті атанған бұл қуыс биік жарқабақ. Оның оңтүстікке қараған аңғары терең құзды болып келеді. Қандай боран болса да, бұл қазан шұңқырды бораған қар көме алмайды. Сол шамасы, алты қанат киіз үйдің орнындай саралжынды шұңқыр кез-келген боранда ық-пана бола алады. Мұны Тінәлі жақсы біледі. Бірақ Нұржанға айта қойған жоқ. Өзім қасында келе жатқанда сынап көрейін, қаншалықты есейгендігін деп түйе үстінде күші кеткен қарияларша міз бақпай отыр. Нұржан Майлысай бөгетінің осы қазан шұңқырға түсетін түйе тайды жалғыз аяқ жолдың сүрдегі осы-ау деген бағдармен төмен түсіп келеді. Сайдың терең аңғарына түскен сайын сары қоспақ та емпендеп басып, қар астынан арақідік көрініп қалатын теріскен мен бұтаның басын шалып келеді. Таймастан, із аудармастан Нұржан қиялай, жанамай тереңге алып келді. Шыбынсыз “жаз”.

Тінәлінің ойына өзінің бала күнінде үлкендерден есіткен бір тарихи оқиға түсе кетті. Ақсақал: ол “өзі қалай еді, о?” деп ойлана түсті. Содан: “Иә, иә” деді іштей. Иә, айтайыншы, Нұржанжанға, ата-бабасының талай түн қатып, түсі қашқан жерлері ғой бұл. Бұл Майлысайдың “Саралжынды қазан шұңқыры” аталады. Иә, бұл “Есет батырдың үйшігі” атанған қазан шұңқыр. Кезінде патшалы Россияның қуғыншы-өскерлерінен із тастап паналаған жері - үйі. Бұл үйшікті сырт адам қыста да, жазда да үстінен шықпаса, тас төбесінен құламаса білмеген, таба алмаған. Иә, Есет батырға пана болған үйшік. Есімде, атам айтқан оқиға, Есет Шошқа көлден балаларымен сол бір желтоқсан басындағы ақбақын боранда осы үйшікке соңғы рет қонған-түнеген. Жарықтық, батырдың Бозжорғасы сол алай-түлей боранда батырды осы қазан шұңқырға алып келген. Есеттің, өрине, қартайған шағы, жас сексеннің сеңгерін тауысып, тоқсанның үзеңгісіне аяғын салып қалған шақ. Назар, Боқай, Арыстан батыр інісінің перзенті Құлназар - бәрі осы үйшікке Есет атасын түнетіп, шай-суын беріп, Бозжорғаға қайта отырғызған кезі - үйшігі. Батырдың балаларына, жастарға айтқан өсиеті де осы үйшікте бірінші рет айтылған. Ол өзі қалай еді? Иә, былай еді ғой:

*Белсеніскен бел көрдім,
Жасанысқан жау көрдім,
Дізелескен дау көрдім.
Үрікпедім, саспадым,
Бәрі өтірік болмасын,
Табаным тайып қашпадым, -*

деді-ау батыр. Есітіп тұрсың ба, Нұржанжан, атам Есет батыр осы үйшікте түнеген күні осы шумақтарды есіне алған. Одан әрі:

*Қанды көйлек жолдасты,
Сары алтындай сақтадым,*

- демей ме, әулие атаң. Міне, бұл сол батырды, әулиені соңғы рет паналатқан үйшік. Жол түсіп осы бір жолда біз де үстінен шығып отырмыз. Атаң осы үйшіктен шығып Күнгей құмындағы қыстауына жеткен. Бірақ көрі көкірек-кеуде суыққа алдырған. Үш күннен кейін бүкіл ел батырды, әулиені соңғы сапарға – фәни дүниеден бақи дүниеге аттандырған, - деді. Тінәлі ақсақал терен ойға кетті. Қабағы түсіп, бетінің аяз сорған қызыл күреңденіп тұрған қаны қашып, бір түрлі қуқыл тартқан беті, шаршаған көз жанары құдық түбіндегі жартымсыз судай өшіп бара жатты. Атасына жалт қараған Нұржан қасына жетіп келіп, ұйықтап бара жатқандай, сұлық кетіп бара жатқан атасын қолтықтап алды да:

– Ата, ата. Сізге не болды, шаршадың ба, әлде қалай? - деп өзіне тартты.

Бие сауымдай уақыт өткенде Тінәлі есін жиды.

– Нұржан-ай, шамалы дем алайықшы, аталарыңның айтқан сол бір әңгімесі мені манауратып жіберді ғой.

– Иә, ата, бұл бір қасиетті үйшік болды-ау шамасы. Бүгін, міне, бар сырын ішіне бүгіп, қар астында жатыр. Жә, талай ұрпақ, талай ер, би, дана-данышпан өткен жер ғой, бұл, - деп сақа адамша Нұржан ойын төгіп тастады.

– Жарайсың, Нұржан! Азаматтығыңа шек келтірмеймін, - деп қойды Тінәлі. Бұл “Есетің үйшігі” атанған қазан шұңқыр еді. Дәл таптың.

Саралжынды қазан шұңқырға, тіпті, қар да түсіп жарымаған. Аспаннан түскен қар сол күйінде ақ мамықтанып жатыр. Төбеден бораған қар шұңқырдың төбесін жартылай жаба, қарсысындағы жарды кемерлене басып тастаған. Осы үй құдыққа келді де, Нұржан түйені шөгерді. Тінәлі түйеден түсіп, қағынып, сілкініп, төңірекке көз салды. Қасқырдың ізі жосылып жатыр. Қазан шұңқырды аралап келеді. Анда-санда қарсақтың ізі кездеседі. Қарсы бауырдағы төске қарай қоянның жымы жатыр.

Тінәлі Нұржанға иек қақты. Ондағы айтайын дегені: “Түйенің үстіндегі көкпекті түсір. Түйені тұрғызып, отқа жібер. Мына саралжын мен баялышты шотпен шауып, от жақ. Бой жылытайық” дегені еді. Сөйтті де өзі дара ауыз мылтығына бір патронды салды да, қазан шұңқырдан шығып, сайдың төменгі бойын жағалап кетті. Бұл кезде таң атып, төңіректен түн көрпесін жинай бастаған еді. Нұржан баялышты шауып, екі-үш құшақтай етіп бір жерге үйді. Жер ошақ дайындады. Ағаштан басын буып, мосы жасады. Баялышты жер-ошаққа әкеліп, шақпақ тасын қойнынан алды да тұтата бастады.

Сырты күйе-күйе қара шәйнектің ішіне толтыра қар салып, мосыға ілді. Баялыш жалыны көтеріліп, шәйнектегі қар су болып, буы шыға бастады. Осы бір тұста оқыс шыққан мылтық

дауысына Нұржан елен ете қалды. Ал сары коспақ құлағын бір қақты да, балжаңдап жусанын шайнай берді. Нұржанның тұла бойы түршігіп, жүрегі лүпілдеп кетті. Жаңағы тарлан бір аңды атып құлатты-ау, шамасы, оқ зыңылдап кеткен жоқ, гүрс ете қалды. Не де болса, ол “аң құлады” деп ойын бір түйіп қойды. Ия, біреуге біреу оқ атады. Оның оған зияны болды ма, жоқ па? Шынында, неміс-фашистеріне біздің елдің де зияны тиген жоқ қой. Сонда да олар жауыздық жасап, соғыс ашты бізге. Ал біздің күресіміз қандай? Біздікі әділетті ғой. Елімізді қорғау. Сондай-ақ ол аңның осы арада жүргені болмаса, Тінәліге зияны болмаған шығар. Ол неге атты?! Нұржан ойын жинамай-ақ Тінәлі саптама-лы етігін қан-қан қылып, бір ақ қоянды алып келді. Аңшының екі езуі екі жақта.

— Нұржан, шырағым, жолың болар! Мына қоянның терісін сыпыр, шәйнекке сал, - деді Тінәлі мұртының мұзын қолымен түсіріп тұрып.

Шәйнекке пісірілген ет қандай тәтті болады. Ал қоянның сорпасы бес аттық. Етті түсіріп алып, екеуі алдына ала бастады.

— Шырағым, Нұржанжан, мына мен қоянды атып келгендегі ажарың өте жүдеу еді. Мені жақтырмаған пішін байқаптың. Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген емес пе? Қоянда жазық жоқ, бізде азық жоқ, - деп Тінәлі қоянның бел омыртқасының жон етіне ауызды салып жіберді. Қоянның бел омыртқасы Тінәлінің аузына солайымен кіріп кетті де, шамалыдан кейін сүйегі шықты. Аузы толған жұмсақ етті шайнағанда иегіндегі екі шықшытына дейін түскен кесік бадырайып көрініп кетеді. Ол екінші ауызы сияқты.

— Дұрыс айтасын, Тінәлі ата. Сіз мылтық атқанда есіме неміс-фашистерінің қылығы түсіп кетті. Тұла бойым мұздап қоя берді. Шынымды айтсам, біздің елдің оларға тигізген зияны жоқ қой. Сол айтқандай ол аңдардың да бізге зияны жоқ емес пе? ;

— Сонда мені де жауызға тенеңің келе ме?

— Жоқ, ата, айта көрмеңіз.

— Сонда да.

— Сіз мені дұрыс түсіне алмадыңыз-ау деймін.

— Мен түсінсем, сенің соғыс жайындағы ойың дұрыс. Біздің күресіміз — ел қорғау күресі. Сондықтан да елдің кәрі-жасы өз елін қорғауға аттануда. Елінің бостандығы жолында жанын да қиюда.

— Нұржан, шырағым, жаңа бір әдемі сөз айттың. Ол — бұл жерден талай батырлар, билер, дана-данышпандар өткен дедің-ау. Дұрыс. Солардың көпшілігі-ақ халқының тәуелсіздігі, бостандығы үшін күрескен, жұлысқан, жандарын қиған.

— Қалайша? — деп Нұржан Тінәлі сөзін бөгей берді.

— Қалайшасы жоқ, шырағым, тарихта қанмен жазылған тағдырлар көп. Сонау Сырым Датұлы, Тама Есет, Бақтыбай, Жәнібек, Көтібар Бәсенұлы, Арыстан Тінәліұлы, Исатай-Махам-

бет, Есет-Дәрібай — бәрі де өз халқының тәуелсіздігін қорғаған батырлар. Бұл жерде ешкім жоқ қой, сен жассың, есінде болсын, мен айтып отырмын. Біздің өкіметте осы сілім, халқым деген адамдарды көп айтқыза бермейді. Ал патша олардың көбін отарлау саясатына қарсы шықты деп атқызып, астыртты, ит жеккенге қол-аяғына кісен салып айдады. Қазақ жерін басып, тартып алып ішкі Ресейден жалаң аяқ, жалаң бас айдап әкелген жүн төстерін орналастырды. Жергілікті халық сортаң, шөл-шөлейт аймақтарға ығыстырылды.

— Ата, өзіңіз атаған батырлардың көбісін мен білмеймін, сонда қалай?

— Қалайы жоқ. Сырымды шетке қуып, сонда у беріп өлтіртті, ал Көгібар атаңды Алшынның Темір тауының осы бізге қараған өңірінде Көктөбе бойында тапсырыс беру арқылы екі жалдамалы башқұртқа өлтіртті. Арыстан атаңды да солай істеді. Мырзағұл атаңды да солай істеді. Әрине, сен майданға кетіп барасың, ешкімге тіс жарып айтпассың. Бөлеге қаласың. Кім айтты, қашан айтты, — деп сені де, мені де не атады, не ит жеккенге айдатады. Мен бір отырып келген адаммын.

— Ата-скей, соны айтпайсың ба? Не үшін?

— Осындай тарихи шындықты айтқаным үшін.

— Кімге айтып едіңіз?

— Кімі жоқ, бір жерде екі-үш адам отырған жерде айтқан едім.

Олардың бірі өкіметтің жансыз, қызылкөзі екен. Табанда жеткізген. Ал бұл әңгіменің екінші жағын айтайын, есінде болар. Жаман айтпай жақсы жоқ, сен майданнан оралғанша Тінәлі атаң тірі бола ма, жоқ па, оны тағдыр білер. Бірақ, ішімде қалғанша, жас ұрпақтың біліп қалғаны жақсы ғой.

— Иә, айтыңызшы, ата, айтыңыз. Шынында да, бұдан былай екеуміздің бір сапарда болуымызды тағдыр қоса ма? Қайдан білейін...

— Айтсам, былай болсын. Бірақ тісіннен шығарма.

— Ақтөбе қаласының шығыс бетінде Есет суы деген жер бар. Сол судың шынар биігінде заманының нарқасқа батыры Тама Есет зираты жатыр. Бұл күнде әбден құлап біткен. Ол осында екі-скі жарым ғасыр бұрын қазақ жерін құба қалмақтардан қорғаған батыр. Онымен Шақшақұлы Жәнібек, ұранға айналған Бактыбай батырлар бірге шайқасқан. Бір абайсызда Есет қалмақтардың қолына түсіп қалып тұтқында отырады. Кейін қартайған соң босатады. Батыр кезінде қалмақтарды, башқұрттарды қазақ жерінен қуған, қазақ жерін тазартуға сонау Балқаш көлінің оңтүстік шығысындағы Аңырақайдағы ұлы шайқасқа осы біз тұрған өңірден Ақмоншақ атымен барған адам. Жаңа айтқанымдай, өзі тұтқынға түскенде көзін жаңа ашқан баласы Ақмандай ержетіп қалады. Сонда батыр: “Енді босатқандарыңнан не пайда? Ұлым әкесін, әкесі баласын танымайды. Мен мінген қыран канат Ақмоншақ атым да бақилыққа кетті”, деп